

Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, мүгедектеріне әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша шараларды белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Кербұлақ ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 6 желтоқсандағы N 381 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Кербұлақ ауданының Әділет басқармасында 2011 жылы 14 желтоқсанда N 2-13-145 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Кербұлақ ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 19 қыркүйектегі № 305 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Кербұлақ ауданы әкімдігінің 19.09.2017 № 305 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 20-бабына сәйкес және Ұлы Отан соғысының қатысушыларын, мүгедектерін қосымша әлеуметтік қолдау мақсатында Кербұлақ ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, мүгедектеріне әлеуметтік қорғау жөнінде тұрғын үй коммуналдық қызметтеріне айына бір рет 45 киловатт электр қуатының, сыйымдылығы 27 литрлік 1 газ балонының құнын, 1 кубтық метр суық сумен қамтамасыз ету және нарық бағасында жылына бір рет 1 тонна көмірдің құнын материалдық көмек ретінде қосымша шаралар белгіленсін.

2. Әлеуметтік көмекті тағайындауға және төлеуге уәкілетті орган болып "Кербұлақ ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі айқындалсын.

3. "Кербұлақ ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы А. Диханбаева көмек алушының тұрғылықты жері бойынша екінші деңгейдегі банк филиалы және осы операциялардың түрлерін жүзеге асыратын рұқсаты бар басқа да мекемелердегі ашылған есеп шотына төлемдерді аудару арқылы төленуін қамтамасыз етсін.

4. Кербұлақ аудан әкімдігінің 2010 жылғы 09 наурыздағы N 132 "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерін әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша шаралар туралы" 2010 жылдың 09 наурызында нормативтік құқықтық актілерді тіркеу Тізілімінде N 2-13-110 болып енгізілген ("Кербұлақ жұлдызы" газетінің N 13 санында жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау (әлеуметтік саланың мәселелеріне) жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

6. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Н. Жантілеуов

КЕЛІСІЛДІ:

Аудандық жұмыспен қамту

және әлеуметтік бағдарламалар

бөлімінің бастығы

Айгүл Тұрдақынқызы Диханбаева

Аудандық экономика және

бюджеттік жоспарлау

бөлімінің бастығы

Шалқыбай Молдахметұлы

Төлегенов